

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1008 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында :

«2. Аумақтық даму» деген бөлімде:

«2.1. Өңірлерді дамыту бағдарламасын әзірлеу» деген кіші бөлімде: реттік нөмірі 25-жолдың 5-бағанындағы «шілде» деген сөз «қазан» деген сөзбен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 26-жолдың 5-бағанындағы «тамыз» деген сөз «желтоқсан» деген сөзбен ауыстырылсын .

«2.2. Экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру» деген кіші бөлімде: реттік нөмірі 35-жолдың 5-бағанындағы «қыркүйек» деген сөз «1 желтоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*